



БҰЙРЫҚ

10.08.2026 ж.
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 169-Н/Қ
город Шымкент

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілсін.
3. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорны) 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу іс-шара жоспарына сәйкес, Кәсіпорны жұмысына ішкі талдау жүргізілсін.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Басшы



А.Досанова

Түркістан облысы денсаулық сақтау
басқармасының «Облыстық балалар
ауруханасы» Шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны басшысы А.М. Досанованың
« 10 » 08 2026 жылғы
№ 169-Н/Қ бұйрығына
№1-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы
топ құрамы**

№	Аты-жөні	Лауазымдық міндеті
1	Турысбеков С.А.	Басшы орынбасары
2	Озбеков Т.О.	Басшы орынбасары
3	Избасов К.И.	Дәрігер сарапшы
4	Байторе Ғ.П.	Кәсіподақ ұйымының төрағасы, жарақат бөлімінің травматолог дәрігері
5	Қарабатыров Ш.М.	Заңгер, комплаенс-офицер

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысы А.М. Досанованың
«10» 08 2026 жылғы
№ 169-н/қ бұйрығына
№2-қосымша



**«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл»
төртінші базалық бағыттың (ҮББ-4, ТБН-4) жобаларын орындау
шеңберінде Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық
балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу
КЕСТЕСІ**

№	Мекеме атауы	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезеңі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою кезеңі
1.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	17.08.2026 – 28.09.2026	2025 – 28.09.2026	25.10.2026 – 25.12.2026